

Көрнекті композитор, Қазақстанның Халық әртісі Ә.Бейсеуовты есте қалдыру туралы

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XI сессиясының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 126 бірлескен шешімі және Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі N 3/555 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 8 тамызда N 780 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" заңының 13-бабы 4 тармағына сәйкес және қалалық ономастика комиссиясы ұсынысының негізінде, бірлесе отырып Алматы қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Райымбек көшесі (Медеу ауданы, 1700 метр, Бутаковка ықшам-ауданында орналасқан) Әсет Бейсеуов көшесі болып өзгертілсін.

2. Алматы қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы көшелердің есім көрсеткіштерін, үйлердің рет сандарын жасап және орнатуға Алматы қаласының жергілікті бюджетінде қажетті қаражатты қарастырсын.

3. Медеу ауданының әкімі М.Бейдәліге, Алматы қаласының жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы және "Алматықалабезендіру" ЖАҚ (келісім бойынша), көшелердің жаңа есім көрсеткіштерін және үйлердің рет сандарын жасап орнатсын.

4. Медеу ауданының әкімі М.Бейдәлі осы нормативті құқықтық актіні тиісті мекемелерге жеткізсін.

5. Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 10/1242 қаулысы мен IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 48 шешімдерімен бекітілген IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясы мен Алматы қаласы әкімдігінің "Көрнекті композитор, Қазақстанның Халық әртісі Ә.Бейсеуовты есте қалдыру туралы" бірлескен шешімінің күші жойылсын.

6. Осы нормативті құқықтық актінің орындалуын бақылау IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік мәселелер және қоғамдық келісім жөніндегі тұрақты комиссияға (Е.Тәжиев) және Алматы қалалық тілдерді дамыту басқармасына жүктелсін.

7. Осы нормативті құқықтық акті алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы әкімі

А. Есімов

IV сайланған Алматы қаласы

төрағасы мәслихаты ХІ сессиясының
Т. Есполов

IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК